

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**PROCEEDINGS
of the XIX International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**2024
Астана**

УДК 001

ББК 72

G99

«GYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы = XIX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2024» = The XIX International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2024». – Астана: – 7478 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-7697-07-5

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001

ББК 72

G99

ISBN 978-601-7697-07-5

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2024**

шығармалары оқырмандарды әлеуметтік әділеттілік, ұлтаралық қатынастар, сондай-ақ адамның қоғамдағы рөлі туралы ойлауға ынталандырады.

Оралхан Бөкей өз кезегінде әлеуметтік теңсіздік, қоғамдағы жалғыздық сияқты қоғамның қазіргі заманғы проблемаларына назар аударады. Ол өзінің шығармашылығы арқылы өткір сұрақтар туғызады және осы құбылыстармен күресу қажеттілігі, әділеттілік пен ішкі сезім биігінің маңыздылығы туралы қоғамдық диалогты тудырады. Оның шығармалары тек әдеби шығармаға ғана емес, сонымен бірге іс-әрекетке, қоғамдық жағдайды жақсы жаққа өзгертуге шақырады.

Екі жазушы да Шыңғыс Айтматов пен Оралхан Бөкей жазушының қоғамдағы рөлі оқырмандардың көңіл көтеруінен немесе ағартушылығынан асып түсетінін көрсетеді. Олар қоғамдық диалогтың белсенді қатысушылары ретінде әрекет етеді, қоғамдық пікір қалыптастырады және қоғамдық өзгерістерге ынталандырады. Олардың шығармалары қазіргі шындықты бейнелеп қана қоймайды, сонымен қатар қоғамға өз проблемаларын білуге және оларды шешудің жолдарын табуға көмектесетін белсенді әрекет етеді. Осылайша, әдебиет пен қоғам саласындағы қосымша зерттеулер жазушылардың қоғамдық сананы қалыптастырудағы рөлі туралы түсінігімізді тереңдете алады, сонымен қатар әдебиеттегі әлеуметтік-саяси сын мен қоғамдық диалогты талдау ауқымын кеңейте алады. Талдаудың әртүрлі әдістері, соның ішінде мәтіндік, контекстік және сыни тәсілдер әдеби шығармалардың мағынасы мен мағынасының терең қабаттарын, сондай-ақ олардың қоғамдық шындыққа әсерін ашуға көмектеседі.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Шыңғыс Айтматов және Жан Пидар. URL: <https://nazar.fm/podcast/1212201815/> (Дата обращения 21.03.2024)
2. Писатели Казахстана. Справочник. Алма-Ата, издательство «Жазушы», 1982, стр. 56
3. Крик души Оралхана Бокеева. URL: https://kzaif.kz/society/persona/krik_dushi_oralhana_bokeeva (Дата обращения: 26.02.2024)
4. Кемелбаева, А. Оралхан Бөкеев прозасындағы мифологиялық сарындар [Мәтін] : эссе / А. Кемелбаева // Дидар. - 2005. - 11 қаңтар. - Б. 6.

ӘОЖ 398

ФОЛЬКЛОРДАҒЫ ҚАЙТАЛАУ ДӘСТҮРІ (ЕРТЕГІ ЖАНРЫ НЕГІЗІНДЕ) Тұрысхан Ақбота Тұрысханқызы

Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, «Қазақ тілі мен әдебиеті» БББ 1-курс
Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – доцент Г. Сағынадин

Ертегі жанрының пайда болып, қалыптасу тарихы көнеде жатыр. Оның шығу төркіні – алғашқы қауымдық құрылыста туған көне мифтер, аңшылық әңгімелер, хикаялар, әртүрлі ырымдар мен аңыздар. Зерттеу жұмысында біз ертегідегі қайталау дәстүрін қарастыруды мақсат тұттық.

Әдебиет пен фольклор туындыларында қайталау – көркемдік ойды берудің, жеткізудің архаикалық формасы. Мәселен, ертегідегі қайталау шығарманың эмоционалды-экспрессивті мәнін айқындайды. Қайталау арқылы сөздің күш-қуаты тереңдейді, сөз мағынасының кеңейіп, ұғымды, мәнінің терең болуына негіз қалайды. Сондықтан қайталау мен оның формалары туындының сюжетін, жанрын, стилін біріктіретін шығарманың құрылымдық элементі.

Фольклор мәтіндерінде қайталамалардың пайда болуын ауызекі сөйлеу тіліндегі фольклорлық туындылармен түсіндіруге болады. Қайталамалар шығармаға айшықтық, шынайылық, көркемдік бере отырып, фольклорлық туындылардың дамуына, таралуына, есте қалуына ықпал етеді. Әр ұлт фольклорының дәстүрінде лексикалық-синтаксистік қайталаудың

берілу тәсілдері алуан түрлі. Нәтижесінде әр түрлі ұлттық мәдениетке жататын фольклорлық мәтіндердің рифмикалық – ырғақтық үлгісі ерекше болып шығады.

Қазақ фольклорының үлкен саласын құрайтын ертегілердің зерттелу тарихы да түрлі даму жолынан өтті. Мәселен, ғалым М.Әуезов «Әдебиет тарихы» еңбегінде қазақ ертегілерінің мағына, мазмұны жайлы кең талдап, мазмұндап: «Бұрынғы елдің қиялы өзіне таныс емес, жат бір нәрсені құр жанынан шығарып, әңгімеге кіргізген емес, қайта бұрынғы заманда сол ертегіге кірген нәрсенің барлығы да даусыз шын сияқты көрінетін. Ол кездегі ертегі, бүгінгі елдің өмірінен алған шын әңгімелер сияқты, даусыз шын оқиға болып көрінген. Бері келіп ел есі кіріп, ержеткен соң ғана ертегіні өтірік деуші шығады. Ол, елдің білім, зейіні артып, дүниеге таныстығы молайғандықтан, бұрынғының ұғым, нанымнан кейінгілердің ақыл, білімі артып, бой жетіп асып кеткендігінен. Қазақтың көп ертегісін жинап, сынап қарастыру – біздің жақын міндетіміздің бірі болады» [1] деп жазады. Барлық ертегілерге тән заңдылықтар көркемдік амалдардың сипатынан туындайды. Ертегіден ертегіге ешқандай өзгеріссіз, кейде аздаған өзгеріспен көшіп жүретін яғни қайталанатын фразалар мен стильдік формулалар болады. Айталық, *уақыттың ешқашан дәл нақтылық иеленбейтіні, белгілі бір шеңберден шықпайтыны, кейіпкердің портреті, мінезі, жасы анық көрсетілмейтіні*. Бұл барлық ертегілерге тән сипат.

Қазақ ертегілерінде жиі қайталанатын сан - *үш саны*. Әсіресе, қиял-ғажайып ертегі кейіпкері үш рет сапарға аттанады, отбасында үш перзент болады, үш рет әрекет жасайды, үш рет тыйымды бұзады, үш түрлі патшалықты (темір, күміс, алтын) аралайды. *«Сұрмерген тауға шыққан сапарында, үш ай аң ауламай үйіне қайтпайды екен. Бір күні Сұрмерген аң аулап жүрсе, алдынан үш марал қаша жөнеліпті. ... Содан соң үш марал қосылып, Сұрмергенге үш ауыз өлең айтады [2]*.

«Керқұла атты Кендебай» ертегісінде Кендебайдың батырлығын *«Кендебай ай сайын емес, күн сайын өсіпті, алты күнде күліпті, алты күнде жүріпті, алты жылда жігіт болыпты. Сондай күшті болыпты, алысқанын алып ұра беріпті, күрескенін жыға беріпті, шыңырау құдыққа құлаған атандарды жалғыз тартып шығара беріпті»* деп суреттейді. Ал «Ер Төстікте»: *«Төстік өзгеше бала боп өседі: бір айда бір жастағы баладай, екі айда екі жастағы баладай, үш айда үш жастағы баладай, бір жылда он бестегі жасөспірімдей болып, екі жасында алысқан кісілерін алып ұратын бала болады» [2]*. Байқағанымыздай, қос кейіпкердің суреттелуі қайталанып отыр. Бұл суреттеу тек ертегілік сарында ғана емес эпостық жырларда да кездеседі. Кейіпкердің дүниеге келуі, өсіп ержетуі қиял-ғажайыптық тұрғыда (бір айда бір жастағы, екі айда екі жастағы, бір жылда 15 жастағы баладай ер жетеді) суреттелсе, оның ерлік күресі «екі жаста алысқан жауын жеңіп, садақ тартып оғын тоғыз қабат кетпеннен өткізеді» деп дәріптеледі. Сондай-ақ кейіпкердің үйленуі мен әкесінің қыз айттыру салттарының көнелігін де айқындайды.

«Алтын сақа» ертегісіндегі бастамадан-ақ болашақта баяндалатын оқиғалардың күрделілігі танылады. *«Өткен заманда бір бай болыпты, ол бір перзентке зар болыпты, етек жеңін сыдырып, әулие қоймай қыдырып, бір бала сұрап алыпты. Бай бір күні жылқысын суаруға көлге құлатса, көлдің ішінде бір қып-қызыл өкпе жүзіп жүр екен. Байдың айдап келген жылқылары көлдегі жүзіп жүрген өкпеден үркіп, суға жуымайды. Әлгі жерде бай жылқыларын иіріп, құрықтап қанша айдаса да, суға жаба алмайды» [2]*. «Алтын сақа» ертегісінде «жеті ықылымның» тілін білген жалмауыздың өзі түлкіге үш рет алданады. Балаға ызаланған жалмауыз кемпір бір тісін жұлып алып, бәйтеректің түбін кешке дейін қазып, шаршай бастағанда ең алдымен қызыл түлкі, сосын тағы бір түлкі, үшінші рет ақ түлкі келіп, алдап соғады. Мұнда түлкінің классикалық образы өзгеріске түсіп, кейіпкерге «көмекші» рөлінде көрінеді. Хайуанаттар жайлы ертегілердің бәрінде түлкі образы осылай танылады. Мысалы, «Түлкі мен қырғауыл», «Арыстан мен түлкі», «Түлкі мен тырна», «Түлкі мен ешкі», «Түлкі мен қоян».

Академик С.Қасқабасов қазақ фольклорындағы ертегі кейіпкерінің (көркемдік дәстүрге сай) өмірі мен бастан кешетін оқиғаларының барлық дамыған көркем ертегіге тән сюжеттік қалпын анықтап, оның негізгі желісін былайша тиянақтайды.

1. Кәрі ата-ана.
2. Кейіпкердің дүниеге келуі:
 - а) ғайыптан тууы,
 - ә) төтем-бабадан тууы,
 - б) баба аруағының жәрдемімен тууы,
 - в) мұсылман әулие-әнбиелерінің, пірлердің көмегімен тууы,
 - г) әкесі үйде жоқта тууы.
3. Кейіпкердің қалыңдығын іздеп шығуы:
 - а) жолдағы оқиғалар (әртүрлі мақұлықтар жолығып, оларды жеңуі және достасуы),
 - ә) болашақ қайын атасының жұмыскеріне (тазша, қойшы) жолығуы, соның кейпіне енуі.
4. Қайын атасының аулына танылмай келуі:
 - а) атасының аулында жұмыс істеуі,
 - ә) болашақ атасының әрқилы шарттары мен тапсырмаларын орындауы,
 - б) атасының тағына отыруы.
5. Еліне оралуы [3].

Ғалым «ертегінің негізгі қаңқасы қосымша мотив, ситуация, эпизодтармен қалай толығыды, дамиды» дейтін мәселелерді тереңдей талдап, ішкі жанрлық жіктелу жүйесінің ғылыми негізін салған. Мысалы, батырлық ертегінің осы схемасын бұзбай, бірақ оның жеке бөлшектерін толықтырып, дамытып, өзгертіп жіберетіндігін дәлелдеген. Осы арқылы батырлық ертегі жанрын қазақ фольклорына жеке ертегілік түр ретінде енгізген.

Ғалым ертегі сюжетіндегі негізгі бөлшектер: перзентсіз ата-ана, кейіпкердің ғайыптан тууын тек түркі-мңғол материалдары негізінде ғана емес, тарихи дамуы әр түрлі халықтар ертегілерінің негізінде ғылыми тұрғыдан талдайды және бұл мәселе жайлы орыс, еуропа фольклортануындағы ой-пікірлерді қазақ халқының ерекшелігіне сай ертегі мәтіндері негізінде егжей-тегжейлі қарастырған.

Ертегі жанрын басқа прозалық туындылардан бөлу тәжірибесінің негізін салған орыс ғалымы А.Н.Афанасьев болатын. Бұл туралы В.Я.Пропп атап көрсете отырып, орыс ертегілерін хайуанаттар туралы ертегілер, қиял-ғажайып ертегілер, новеллалық ертегілер, кумулятивті ертегілер деп жіктеген. Академик С.А.Қасқабасов қазақ ертегілерін: хайуанаттар жайлы ертегілер, қиял-ғажайып ертегілері, батырлық ертегілер, сатиралық ертегілер, новеллалық ертегілер деп үлкен бес топқа бөліп, олардың өзіндік ішкі заңдылықтарына тереңдей еніп, салаларға жіктеген. Көріп отырғанымыздай академиктің жіктемесінде кумулятивті ертегі термині кездеспейді. Кумулятивті ертегілердің де ішкі құрылымдық сипатына ғылыми сараптау жасау арқылы мынадай ой-тұжырым жасайды. «Тізбекті ертегілердің құрылымы айтарлықтай күрделі емес. Олардың композициялық негізі – жануарлардың кездесулері мен қақтығыстарының тізбегі. Сондықтан да ертегілер баяндаудан гөрі көбінесе диалогқа құрылады. Кей жағдайларда кездесулер көп болады, бірақ ертегіде олардың бір-екеуі ғана пайдаланылады. Ал, бір сарынды эпизодтарды түрі өзгертілмей, үнемі қайталанып отыруы дүниежүзілік фольклорда кең тараған «кумулятивтік композиция» деп аталады» [4].

Мұндай сипаттағы ертегілердің, жас бүлдіршіндердің танымын арттырып, түрлі дүние құбылыстарын тізбектей, жинақтай беру арқылы тағылымдық қызмет атқаратыны алғы кезекке шығарылады. Яғни, жануарлар жайлы классикалық ертегіде де қиял көркемдік қызмет атқарады. Академик-ғалымның қазақ ертегілерін жанрлық жіктеудегі көңіл аударарлық жаңалығы – мысал ертегілер (аполог) түрін анықтауы.

Ғалым мысал ертегілердің қайнар көзі шығыс фольклоры, ондағы дүние жүзіне кең тараған кітаптар, жинақтар, («Панчатантра», «Хитопедаша», «Шукасапатаи», «Калила мен Димна», «Тотынама» екендігін тұжырымдап, оның қазақ топырағындағы ұлттық реңктегі өзгерісі мен түрленуіне мән береді. Бұл мысалдағы ертегілер композициялық жағынан да бөлектеніп, шығыс тәмсіліне тән заңдылықтарға құрылатындығын да ескертеді. Ғалым тек шығыстық сюжеттер ғана емес, орыс әдебиеті мен мәдениетінің әсерінен де ауысып келген

сюжеттердің қазақ тұрмысы мен халықтың мұрат, мүддесіне сай бейімделу, өзгеру, түрлену құбылыстарын мысал ертегілері дәлелінде тұжырымдаған.

Бұл заңдылықтар жайлы академик-фольклортанушы: «Қазақ фольклорында ауысып келген сюжеттер ұлттық сипат алған. Бұл қасиет, әсіресе, оқиға ситуациясы мен кейіпкерлердің психологиясынан айқын байқалады. Ауысып келген сюжеттердің желісі де, шығыстық үлгілердің драмалық түрде өрнектелуі де бұзылмай, құрылымдық белгілері сақталып отырады. Ең негізгі өзгерістер ертегілердің идеялық мәнінде ғана болады. Ауысып келген мысалдардағы мораль абстрактылықтан арылып, қазақтың әдет-ғұрыптары мен түсініктеріне сай қайта құрылып, дала жұртының философиясына жақындай түседі»[5] деп ой қорытады.

Қорыта келе, халық ертегілерінің тақырыптық бірлігі тұтас көркемдік жалпылауға орын береді. Сондықтан қайталау мен оның формалары – ертегінің сюжетін, жанрын, стилін біріктіретін шығарманың құрылымдық элементі. Қазақ халық ертегілерінің сюжеттік бөлшектерінің әрқайсысы күрделі тарихи даму жолынан өткен.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Әуезов, М.О. Әдебиет тарихы: жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған / М.О. Әуезов; арнаулы ред. М. Мырзахметов. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 240 б.
2. Бабалар сөзі: Жүз томдық. Қиял-ғажайып ертегілер. 74 том. – Астана: Фолиант, 2011. – 432 б.
3. Қасқабасов С. Қазақтың халық прозасы. – Алматы: Ғылым, 1984. – 272 б.
4. Пропп В.Я. Исторические корни волшебной сказки. – Изд. 4-е. – М.: Лабиринт, 2000. – 336 с.
5. Мелетинский Е.М. Герой волшебной сказки: Происхождение образа. – М.: Изд. Гост. лит., 1958. – 264 с.

ӨОЖ 17.02

М.ӘУЕЗОВТІҢ «ҚОРҒАНСЫЗДЫҢ КҮНІ» ӘНГІМЕСІНДЕГІ «ӘКЕ» КОНЦЕПТІСІНІҢ КӨРКЕМДІК АЯСЫ

Толеуконыр Жадыра Кунанбаевна

jasmin_25.90@mail.ru

"Alikhan Bokeikhan University" ББМ филология мамандығы бойынша 1-курс докторанты,
Семей, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі: ф.ғ.д., проф. А.С.Еспенбетов

Көркем әдебиеттегі «әке» концептісінің көркемдік аясын зерттеу әлем әдебиетшілері мен тілшілілерінің назарына кейінгі кезде ерекше нысанаға алынып, зерттеу еңбектері жазылуда. Әсіресе, орыс әдебиеті мен ағылшын психолінгвистері, гендірлік саясатты зерделеушілер «әке» концептісінің көркем әдебиетте насихатталуы, әке образы, әкенің қоғамдағы орны мәселелерін көпшілік назарына ұсынып жатыр. Жаһандану үдерісінде отбасы құндылығын насихаттау және ұлттық құндылықты басшылыққа алу қазақ қоғамына да қажеттілігін туындатып отыр.

Қазақ әдебиетінде классикалық туындылардан бастап, қазіргі көркем шығармаларда да әкенің образы жан-жақты көркем берілген. Десе де, «әке» концептісін контексте зерттелу жайы - әлі де өзекті. Осы тұрғыдан алғанда алдымен ұлы жазушы М.Әуезовтің көркемдік әлемін қарастырғанымыз жөн деп білдік. М.Әуезовтің алғаш қалам тербеген әңгімелерінен бастап, көлемді прозалық шығармаларында қазақ қоғамындағы әкенің рөлі, әке образы, әке концептісі жан-жақтылығымен, кестелі, шындықты көру нүктесінің әртараптылығымен, ұлттық құндылығымен, ерекше контрасты бояуымен, уақыт пен кеңестіктегі ерекшелігімен, авторлық сөз қолданысымен көзге түсетіні анық. Сол себепті М.Әуезовтің әңгімелеріндегі «әке» концептісі ұлттық таным мен болмысты, туыстық атауларды қолдану ерекшелігін, көркемдік аясын зерделеу өзекті деп санаймыз.